

2026. 13 (2)

# Asian Journal "STEPPE PANORAMA"



ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994 (online)

*Құрылтайшысы және баспагері:* Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2025 ж. 5 сәуірде тіркелген. Тіркеу нөмірі № KZ91VPY00116246. Жылына 6 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих, этнология.

*Жарияланым тілдері:* қазақ, орыс, ағылшын.

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы  
Тарих және этнология институты 2025  
© Авторлар ұжымы, 2025

### БАС РЕДАКТОР

**Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. (Қазақстан)

### РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

**Аутрам Алан (Outram Alan)** — археология ғылымдарының докторы, Эксетер университеті, тарих және археология кафедрасының профессоры. (Ұлыбритания)

**Аширов Адхамжон Азимбаевич** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Тарих институтының Этнология және антропология орталығының меңгерушісі. (Өзбекстан)

**Әбіл Еркін Аманжолұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты. (Қазақстан)

**Әлімбаев Нұрсан** — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**Вернер Кунтһиа (Werner Cynthia)** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

**Дайнер Александр (Diener Alexander)** – тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті. (АҚШ)

**Жаркен Айгүл Мәлікқызы** — тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

**Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

**Кригер Виктор (Kriege Viktor)** — тарих ғылымдарының докторы, Нюрнбергтегі Бавариялық немістер мәдени орталығының (BKDR) ғылыми қызметкері. (Германия)

**Оайон Изабель (Ohayon Isabelle)** — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, CERCEC директорының орынбасары, Францияның Ұлттық ғылыми зерттеу орталығының (CNRS) қызметкері. (Франция)

**Сабурова Татьяна** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Индиана университеті. (АҚШ)

**Моррисон Александр (Morrison Alexander)** — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

**Муминов Ашірбек Құрбанұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

**Римантас Желвис (Želvys Rimantas)** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

**Смағұлов Оразақ Смағұлұлы** – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

**Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

**Томохико Уяма** — PhD, Хоккайдо университетінің Славян және Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония)

**Ян У. Кэмпбелл (Ian W. Campbell)** — PhD, Калифорния университетінің профессоры (АҚШ)

### ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

**Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы** — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

### ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

**Қапаева Айжан Тоқанқызы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**Кубеев Рустем Жаулыбайұлы** — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

### ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

**Бурханов Бимурад Бадритдинұлы** — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан).

**Копеева Сания Жуматайқызы** — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)

*Учредитель и издатель:* РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»  
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации  
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о  
регистрации:

№ KZ91VPY00116246 от 03.04.2025 г. Публикуется 6 раз в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки:  
история, этнология.

*Языки публикации:* казахский, русский, английский.

*Адрес редакции и издательства:*

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Сайт журнала: <https://ajspiie.com>

© Институт истории и этнологии  
имени Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Коллектив авторов, 2026

### ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

**Кабульдинов Зиябек Ермуханович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

### РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Абиль Еркин Аманжолович** — доктор исторических наук, профессор, Депутат Мажилиса Парламента РК. (Казахстан)

**Алимбай Нурсан** — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

**Аутрам Алан (Outram Alan)** — доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории Университета Эксетера. (Великобритания)

**Аширов Адхамжон Азимбаевич** — доктор исторических наук, профессор, заведующий Центром этнологии и антропологии Института истории Академии наук Республики Узбекистан. (Узбекистан)

**Вернер Синтия (Werner, Cynthia)** — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

**Дайнер Александр (Diener Alexander)** — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет (США)

**Жаркен Айгуль Маликовна** — доктор исторических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилёва. (Казахстан)

**Исмагулов Оразак Исмагулович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

**Кокебаева Гульжаухар Какеновна** — доктор исторических наук, профессор Казахского национального университета имени Аль Фараби. (Казахстан)

**Кригер Виктор (Kriege Viktor)** — доктор исторических наук, научный сотрудник Баварского культурного центра немцев (BKDR) в Нюрнберге. (Германия)

**Моррисон Александр (Morrison Alexander)** — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

**Муминов Аширбек Курбанович** — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

**Оайон Изабель (Ohayon Isabelle)** — кандидат исторических наук, профессор, заместитель директора CERCEC, сотрудник Национального центра научных исследований Франции (CNRS). (Франция)

**Римантас Желвис (Želvys Rimantas)** — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

**Сабурова Татьяна** — доктор исторических наук, профессор, Университет Индианы. (США)

**Таймагамбетов Жакен Кожаметович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

**Томохико Уяма** — PhD, профессор Центра славяно-евразийских исследований Хоккайдского университета (Япония)

**Ян Кэмпбелл (Ian W. Campbell)** — PhD, профессор Калифорнийского университета (США)

### ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

**Каипбаева Айнагуль Толганбаевна** — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

### НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

**Капаева Айжан Токановна** — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

**Кубеев Рустем Джаулыбайулы** — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

### ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

**Бурханов Бимурад Бадритдинович** — магистр, научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

**Копеева Сания Жуматаевна** — магистр, сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ISSN 2710-3994 (online)

*Founder and publisher:* RSE on REM “Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology” of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. KZ91VPY00116246 dated 03.04.2025. The journal is published 6 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history, ethnology.

*Publication languages:* Kazakh, Russian, English.

*Editorial and publisher address:*

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Journal website: <https://ajspiie.com>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute  
of History and Ethnology, 2026  
© Group of authors, 2026

#### EDITOR-IN-CHIEF

**Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, General Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

#### EDITORIAL BOARD

**Abil Yerkin Amanzholovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Member of the Mazhilis of the Parliament of the RK. (Kazakhstan)

**Alimbay Nursan** — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**Azimqulov Javohir** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Head of the Center for Ethnology and Anthropology at the Institute of History, Academy of Sciences of the Republic of Uzbekistan. (Uzbekistan)

**Diener Alexander** — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

**Ian W. Campbell** — PhD, Professor at the University of California (USA)

**Ismagulov Orazak Ismagulovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

**Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna** — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Al Farabi Kazakh National University. (Kazakhstan)

**Kriege Viktor** — Doctor of Historical Sciences, Researcher at the Bavarian Cultural Center of Germans (BKDR) in Nuremberg. (Germany)

**Morrison Alexander** — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

**Muminov Ashirbek Kurbanovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

**Ohayon Isabelle** — Candidate of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of CERCEC, Researcher at the French National Center for Scientific Research (CNRS). (France)

**Outram Alan** — Doctor of Archaeological Sciences, Professor in the Department of Archaeology and History at University of Exeter. (Britain)

**Rimantas Želvys** — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

**Saburova Tatiana** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Indiana University. (USA)

**Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

**Werner, Cynthia** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

**Tomohiko Uyama** — PhD, Professor at the Slavic-Eurasian Research Center, Hokkaido University. (Sapporo, Japan)

**Zharken Aigul** — Doctor of Historical Sciences, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

#### EXECUTIVE EDITOR

**Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna** — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

#### ACADEMIC EDITOR

**Kapaeva Aizhan Tokanovna** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**Kubeyev Rustem Dzhaulybayuly** — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

#### TECHNICAL SECRETARY

**Burkhanov Bimurad Badritdinovich** — Master's, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**Kopeyeva Saniya Zhumataevna** — Master's, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

## ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Republic of Kazakhstan  
Asian Journal “Steppe Panorama”  
Has been issued as a journal since 2014  
ISSN 2710-3994.  
Vol. 13. Is. 2, pp. 549-564, 2026  
Journal homepage: <https://ajspiie.com>


FTAXP / МПНТИ / IRSTI 03.20  
[https://doi.org/10.51943/2710-3994\\_2026\\_13\\_2\\_549-564](https://doi.org/10.51943/2710-3994_2026_13_2_549-564)

## SOVIET INTERPRETATION OF THE “EDIGE” EPIC IN THE 1920–1930S: MARXIST PREFACES AND APPROACHES OF THE KAZAKH INTELLECTUALS


*Ualiyev Talapker Askarovich*<sup>1\*</sup>, *Sabitov Zhaxylyk Muratovich*<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Research Institute for Jochi Ulus Studies of the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan  
(15B, Pushkin Str., Astana 010000, Republic of Kazakhstan); Sh. Ualikhanov Kokshetau University  
(020000, 76 Abai Str., Kokshetau, Republic of Kazakhstan).

Senior Lecturer.

 <https://orcid.org/0000-0002-0738-7338>. E-mail: [tarikhname10@gmail.com](mailto:tarikhname10@gmail.com)

<sup>2</sup>PhD, Acting Director of Research Institute for Jochi Ulus Studies, Committee of Science, Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan  
(15B, Pushkin Str., Astana 010000, Republic of Kazakhstan);

 <https://orcid.org/0000-0001-7186-156X>. Email: [zh.sabitov@gmail.com](mailto:zh.sabitov@gmail.com)

\*Corresponding author

© Ch. Ch. Valikhanov IHE, 2026

© Ualiyev T., Sabitov Zh. 2026

**Abstract.** *Introduction.* The article analyzes the process of reinterpreting the content and image of Edige within the framework of Soviet ideological policy of the 1920s–1930s, as well as the transformation of the epic’s semantic function in academic discourse. The relevance of the research lies in the fact that the Marxist-class evaluation of the epic, the transformation of the hero’s image, and the mechanisms for adapting national cultural heritage to the ideological demands of the Soviet period remain insufficiently explored in modern historiography. *Goals and objectives.* The main goal is to identify the features of the interpretational transformation of Edige during the Soviet era and to determine the ideological mechanisms of influence through a comparative analysis of prefaces and textual commentaries in the works of K. Satpayev, M. Auezov, and S. Seifullin. The objectives of the study are as follows: (1) to define the characteristics of Marxist vocabulary in early publications; (2) to trace the influence of editorial policy on the perception of the epic; (3) to compare the degree and forms of ideological adaptation in the approaches of each author. The source base includes publications of the 1920s–1930s, party documents, folklore collections, and literary-critical works. The methodological framework is based on historical-chronological and comparative approaches, discourse analysis, and textual interpretation. *Results.* The study establishes that scholarly assessments of the Edige epic during the Soviet period were far from uniform: K. Satpayev interpreted the epic in a formally neutral manner, presenting Edige as a “people’s bi (judge)” in accordance with Marxist paradigms; M. Auezov largely ignored the Marxist canon, viewing the epic primarily as a cultural-historical heritage; S. Seifullin openly employed Marxist terminology in his prefaces, interpreting the epic within the Soviet ideological framework. *Conclusion.* These differences reflect the internal methodological pluralism of Soviet folkloristic discourse.

**Keywords:** Edige epic, Golden Horde, Soviet ideology, Marxist discourse, preface, interpretation, folkloristics, historiography, image of Edige.

**Acknowledgment.** This article was prepared within the framework of the grant project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan entitled «Study of the Ethno-Political and Socio-Economic History of the Ulus of Jochi in the 13th–15th Centuries» (Project Registration Number BR24992878).

**For citation:** Ualiyev T., Sabitov Zh. Soviet interpretation of the “edige” epic in the 1920–1930s: marxist prefaces and approaches of the kazakh intellectuals // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2026. Vol. 13. No. 2. Pp. 549–564. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994\_2026\_13\_2\_549-564.


## «ЕДІГЕ» ЖЫРЫНЫҢ 1920–1930-ЖЫЛДАРДАҒЫ КЕҢЕСТІК ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ: МАРКСИСТІК АЛҒЫСӨЗДЕР ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҰСТАНЫМДАРЫ

Уалиев Талапкер Асқарұлы<sup>1</sup>, Сабитов Жақсылық Мұратұлы<sup>2\*</sup>

<sup>1</sup>Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің Жошы Ұлысын зерттеу ғылыми институты (15Б, Пушкин көшесі, 010000, Астана қ., Қазақстан Республикасы); Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті (76, Абай көшесі, 020000, Көкшетау қ., Қазақстан Республикасы), Сеньор-лектор;

 <https://orcid.org/0000-0002-0738-7338>. E-mail: [tarikhname10@gmail.com](mailto:tarikhname10@gmail.com)

<sup>2</sup>PhD, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің Жошы Ұлысын зерттеу ғылыми институты директорының міндетін атқарушы (15Б, Пушкин көшесі, 010000, Астана қ., Қазақстан Республикасы);

 <https://orcid.org/0000-0001-7186-156X>. E-mail: [zh.sabitov@gmail.com](mailto:zh.sabitov@gmail.com)

\*Автор-корреспондент

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2026

© Уалиев Т.А., Сабитов Ж.М. 2026

**Аңдатпа.** *Kіріспе.* Мақала 1920-1930-жылдардағы кеңестік идеологиялық саясат жағдайында «Едіге» жырының мазмұны мен бейнесінің жаңаша түсіндіріліп, ғылыми дискурста жаңа мағынаға ие болу үдерісін талдауға арналған. Тақырыптың өзектілігі эпостың марксистік-таптық тұрғыдан бағалануы, батыр бейнесінің өзгеріске ұшырауы, сондай-ақ ұлттық мұраны идеология талабына икемдеу механизмдерінің қазіргі тарихнамада толық ашылмауымен анықталады. *Мақсаты мен міндеттері.* Негізгі мақсат – «Едіге» жырының кеңестік кезеңдегі интерпретациялық трансформациясын саралау және Қ. Сәтбаев, М. Әуезов, С. Сейфуллин еңбектеріндегі алғысөздер мен мәтіндік тұжырымдарды салыстырмалы талдау негізінде идеологиялық ықпал тетіктерін айқындау. Осыған сәйкес міндеттер қойылды: 1) алғашқы басылымдардағы марксистік лексиканы анықтау; 2) редакциялық саясаттың эпосқа әсерін көрсету; 3) әрбір автордың жырды идеологиялық талаптарға сәйкестендіру деңгейі мен тәсілдерін салыстыру. *Материалдар мен әдістер.* Зерттеу дереккөздері ретінде 1920-1930 жж. басылымдар, партиялық құжаттар, фольклор жинақтары мен әдеби-сын еңбектер қолданылды. Талдау тарихи-хронологиялық, салыстырмалы, дискурс-талдау және мәтіндік интерпретация әдістеріне негізделді. *Нәтижелер мен қорытындылар.* Зерттеу нәтижелері «Едіге» жырына қатысты көзқарастардың біркелкі болмағанын көрсетті: Қ. Сәтбаев эпосты марксистік парадигмаға бейтарап, формалды түрде жақындастырып, Едіге бейнесін «халықтық бишешен» ретінде сипаттады; М. Әуезов марксистік канонды елемей, эпосты мәдени-тарихи құндылық ретінде талдады; С. Сейфуллин еңбектерінің алғысөздерінде марксистік терминологияны айқын қолданып, жырды кеңестік идеология талаптарына сәйкес түсіндірді.

Бұл айырмашылық кеңестік фольклортану арасындағы ішкі әдіснамалық плюрализмді аңғартады.

**Түйін сөздер:** «Едіге» жыры, Алтын Орда, кеңестік идеология, марксистік дискурс, алғысөз. Интерпретация, фольклортану, тарихнама, Едіге бейнесі.

**Алғыс.** Бұл мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «XIII–XV ғасырлардағы Жошы Ұлысының этносаяси және әлеуметтік-экономикалық тарихын зерттеу» тақырыбындағы гранттық жобасы аясында орындалды (тіркеу нөмірі BR24992878).

**Дәйексөз үшін:** Уалиев Т.А., Сабитов Ж.М. «Едіге» жырының 1920–1930-жылдардағы кеңестік интерпретациясы: марксистік алғысөздер және қазақ зиялыларының ұстанымдары // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2026. Т. 13. № 2. 549–564 бб. (Қаз.). DOI: 10.51943/2710-3994\_2026\_13\_2\_549-564.

## СОВЕТСКАЯ ИНТЕРПРЕТАЦИЯ ЭПОСА «ЕДИГЕ» В 1920–1930-Е ГОДЫ: МАРКСИСТСКИЕ ПРЕДИСЛОВИЯ И ПОДХОДЫ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ

*Уалиев Талапкер Аскарлович<sup>1</sup>\*, Сабитов Жаксылық Муратович<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>Научный институт изучения Улуса Джучи Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (15Б, ул. Пушкина, 010000, Астана, Республика Казахстан); Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова


(76, ул. Абая, 020000, Кокшетау, Республика Казахстан),

Сеньор-лектор;

 <https://orcid.org/0000-0002-0738-7338>. E-mail: [tarikhname10@gmail.com](mailto:tarikhname10@gmail.com)

<sup>2</sup>PhD, и.о. Директора Научного института изучения Улуса Джучи Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

(15Б, ул. Пушкина, 010000, Астана, Республика Казахстан);

 <https://orcid.org/0000-0001-7186-156X>. E-mail: [zh.sabitov@gmail.com](mailto:zh.sabitov@gmail.com)

\* Автор-корреспондент

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Уалиев Т.А., Сабитов Ж.М. 2026

**Аннотация.** *Введение.* Статья посвящена анализу процесса нового осмысления содержания и образа «Едіге» в условиях советской идеологической политики 1920–1930-х гг., а также приобретения эпосом иной смысловой нагрузки в научном дискурсе. Актуальность темы определяется тем, что марксистско-классовая оценка эпоса, трансформация образа героя и механизмы адаптации национального наследия к идеологическим требованиям советской эпохи до сих пор недостаточно раскрыты в современной историографии. *Цель и задачи исследования.* Основная цель — выявить особенности интерпретационной трансформации «Едіге» в советский период и определить идеологические механизмы влияния на основе сравнительного анализа предисловий и текстовых комментариев в трудах К. Сатпаева, М. Ауэзова и С. Сейфуллина. В соответствии с целью поставлены задачи: 1) определить особенности марксистской лексики в ранних публикациях; 2) проследить влияние редакционной политики на восприятие эпоса; 3) сопоставить степень и способы идеологического соответствия в подходах каждого автора. Источниковую базу исследования составили публикации 1920–1930-х гг., партийные документы, фольклорные сборники и литературно-критические работы. Методологическая основа включает историко-хронологический, сравнительный, дискурсивный анализ и текстовую интерпретацию. *Результаты.* Установлено, что оценки эпоса «Едіге» в советской науке были

неоднозначными: К. Сатпаев интерпретировал эпос в формально-нейтральном ключе, представляя Едиге как «народного бия» в соответствии с марксистской парадигмой; М. Ауэзов игнорировал марксистский канон, рассматривая эпос прежде всего как культурно-историческую ценность; С. Сейфуллин в предисловиях открыто оперировал марксистской терминологией, трактуя жыр в рамках советской идеологии. *Заключение.* Эти различия свидетельствуют о внутреннем методологическом плюрализме в советском фольклористическом дискурсе.

**Ключевые слова:** эпос «Едиге», Золотая Орда, советская идеология, марксистский дискурс, предисловие, интерпретация, фольклористика, историография, образ Едиге

**Благодарность.** Статья выполнена в рамках реализации грантового проекта Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан на тему «Изучение этнополитической и социально-экономической истории Улуса Джучи в XIII-XV веках» (регистрационный номер BR24992878).

**Для цитирования:** Уалиев Т.А., Сабитов Ж.М. Советская интерпретация эпоса «Едиге» в 1920–1930-е годы: марксистские предисловия и подходы казахской интеллигенции // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2026. Т. 13. № 2. С. 549–564. (На Каз.). DOI: 10.51943/2710-3994\_2026\_13\_2\_549-564.

### Кіріспе

Кеңестік идеологияның қалыптасу кезеңінде қазақ фольклоры мен эпикалық мұрасы саяси-мәдени трансформацияның күрделі үдерісінен өтті. Бұл үдеріс тек әдеби мұраларды жинақтау мен зерттеумен ғана шектелмей, ұлттық жад пен мәдени сәйкестікті қайта құрастыру стратегиясының маңызды бөлігіне айналды. Осы тұрғыдан алғанда «Едіге» жырының кеңестік оқылуы — марксистік идеологияның ұлттық мәдени мұраға қалай әсер еткенін, академиялық дискурстың қандай механизмдер арқылы саяси-идеологиялық бақылауға алынғанын көрсететін айқын мысал.

1920–1930-жылдардағы «мазмұны жағынан пролетарлық, түрі жағынан ұлттық» деген сталиндік формула қазақ гуманитарлық ғылымының дамуына шешуші әсер етті. Бұл формула тек жалпы бағдар ғана емес, нақты әдіснамалық талаптарды қамтитын директива болды. Әдебиет пен фольклор зерттеулері таптық күрестің айнасы ретінде қарастырылып, кез келген шығарма «пролетарлық» немесе «феодалдық-буржуазиялық» мазмұнға ие болуы тиіс еді. Осы жағдайда «Едіге» жыры ерекше қызығушылық тудырды — онда халықтық батырдың әділетсіз хан билігіне қарсы күресі бейнеленген, бұл марксистік тарих тұжырымдамасына оңай сәйкестірілді.

Алайда бұл идеологиялық оқылудың қалыптасуы біркелкі әрі қарама-қайшылықсыз болған жоқ. Қаныш Сәтбаев, Мұхтар Әуезов, Сәкен Сейфуллин сияқты қазақ зиялыларының еңбектері идеологиялық талаптар мен ұлттық мұраны сақтау арасындағы күрделі теңгерімді көрсетеді. Олардың зерттеулері әр кезеңде әртүрлі бағаланып, кейде мадақталып, кейде тәркіленіп, тіпті авторлардың өздерінің трагедиялық тағдырына себеп болды. Осы еңбектердегі алғысөздердің рөлі айрықша мәнге ие — олар тек кіріспе мәтіндер емес, идеологиялық «паспорт» қызметін атқарып, шығарманың саяси «дұрыстығын» растауға тиіс болды.

Осы зерттеу «Едіге» жырының кеңестік интерпретациясының қалыптасу тарихын, оның академиялық дискурстағы орнын, сондай-ақ қазақ зиялыларының идеологиялық қысым жағдайында ұлттық мұраны сақтау стратегияларын қарастырады. Бұл тарих тек әдебиеттану мәселесі ғана емес, сонымен бірге саяси билік пен ғылыми білімнің, мәдени жад пен идеологиялық бақылаудың өзара әсерін түсінуге мүмкіндік беретін маңызды тарихи-мәдени феномен болып табылады.

### Материалдар мен әдіс-тәсілдер

Зерттеу жұмысының эмпирикалық негізін 1920–1930-жылдардағы қазақ гуманитарлық ғылымының қалыптасу кезеңіне қатысты дереккөздер құрайды. Олардың ішінде Қ.

Сәтбаевтың «Ер Едіге» (1927) еңбегі, С. Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» оқулығы (1932) және оның редакциясымен жарық көрген «Батырлар жыры жинағы» (1934), сондай-ақ М. Тынышпаевтың «Мырза Едіге батыр» мақаласы (Алаш көсемсөзі, 2011) бар.

Бұдан бөлек, партиялық-мемлекеттік құжаттар да маңызды дереккөз ретінде қарастырылды: И.В. Сталиннің 1925 жылғы КУТВ студенттері алдында жасаған баяндамасы (Сталин, 1947), РКП(б) ОК Саяси бюросының 1925 жылғы қаулысы (Постановление, 1999), және 1934 жылы 16 мамырда жарияланған БКП(б) Орталық Комитеті мен КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің «КСРО мектептерінде Отан тарихын оқыту туралы» қаулысы (О преподавании..., 1934).

Сонымен қатар, алғысөздер мен редакциялық мақалалар, мерзімді басылымдардағы материалдар, кейінгі кезеңдердегі қайта басылымдар мен архивтік деректер пайдаланылды. Бұған тәркіленген еңбектердің қалпына келтірілген нұсқалары да кіреді. Мысалы, Қ. Сәтбаевтың «Ер Едіге» кітабының 1995 жылғы қайта басылымы (Ер Едіге, 1995), С. Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» кітабының 1964 жылғы басылымы, М. Әуезовтің «Әдебиет тарихы» еңбегінің 1991 және 2014 жылдары жарық көрген қайта басылымдары (Әуезов, 1991; Әуезов, 2014), сондай-ақ өмірбаяндық деректер зерттеудің дереккөздік базасын толықтырды.

**Зерттеу барысында тарих ғылымына тән бірнеше әдіс қолданылды.** Тарихи-салыстырмалы әдіс әр кезеңдегі «Едіге» жырының зерттелу ерекшеліктерін салыстыруға, идеологиялық ұстанымдардың трансформациясын анықтауға мүмкіндік берді. Тарихи-генетикалық әдіс эпостың кеңестік дискурстағы бейнесінің қалыптасу жолын, оның идеологиялық негіздерін және ғылыми дәстүрдегі эволюциясын айқындауға қолданылды. Тарихи-типологиялық әдіс эпостың әртүрлі интерпретацияларын салыстыра отырып, олардың ортақ және ерекше белгілерін анықтауға бағытталды. Деректанулық әдіс пайдаланылған дереккөздердің түпнұсқалық сипаты, сенімділігі мен идеологиялық шарттылығын бағалауға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, гуманитарлық зерттеулерде кеңінен қолданылатын қосымша әдістер пайдаланылды. Герменевтикалық әдіс мәтіндерді терең түсіндіруге, авторлардың ойларын, метафораларын және риторикалық тәсілдерін ашуға бағытталды. Бұл әдіс зерттеушілердің идеологиялық қысым жағдайында ұлттық мұраны сақтап қалу жолдарын түсіндіруге мүмкіндік берді. Контент-талдау әдісі ғылыми еңбектер мен алғысөздердегі марксистік терминологияның («таптық күрес», «үстем тап», «пролетарлық мазмұн») қолданылу жиілігі мен құрылымын талдауға қолданылды. Бұл тәсіл мәтіндердің идеологиялық бағдарын сандық және сапалық тұрғыдан айқындауға мүмкіндік берді.

### **Талқылау**

Едіге жыры өзінің бай әрі көпқырлы зерттеу дәстүрімен ерекшеленетіні белгілі. Дегенмен, кеңестік кезеңдегі «Едіге жырының интерпретациясына қатысты мәселелер отандық әрі шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде әр кезеңде әртүрлі деңгейде қарастырылғанымен, бұл бағытта кешенді тарихнамалық зерттеу жұмыстарының әлі де толық жүргізілмегенін аңғару қиын емес. ХХ ғасырдың 1920-1930-жылдары Едіге жырының оқылуы (интерпретациясы) кеңестік мәдени саясатқа тәуелді болды: зерттеулерде таптық категориялар негізгі өлшемге айналып, батыр бейнесі «феодалдық-бекшіл» және «халықтық-пролетарлық» модельдер арасындағы идеологиялық сүзгіден өтті. Дегенмен осы үдерістің кезеңдік сипаты мен мәтіндік трансформациялары ғылымда толық ашылған жоқ.

Тарихи-фольклорлық мектеп эпостың генезисі мен сюжеттік құрылымын зерттеуде жетекші орын алды. Академик В.М. Жирмунский ұсынған тарихи-салыстырмалы әдіс кейінгі зерттеулерге бағыт беріп, Едіге жыры нұсқаларының типологиялық ұқсастықтарын анықтауға үлес қосты (Жирмунский, 1974). С. Қасқабасов жырдағы «ғажайып туу» мотивін талдап, оның әлемдік эпикалық кодтармен байланысын айқындады (Қасқабасов, 1984), алайда кеңестік кезеңдегі эпостың идеологиялық тұрғыдан қайта пайымдалуын арнайы мәселе ретінде көтермеді. Е. Мағауин «Едіге» жырының Ш. Уәлиханов нұсқасын талдап, мәтіндік дәстүрдің

деректік құндылығын көрсетті (Мағауин, 1993; Мағауин, 1995), бірақ эпостың кеңестік идеология контекстіндегі трансформацияны өз зерттеуіне арқау еткен жоқ. Осы топтағы еңбектер эпостың фольклорлық табиғатын ашқанымен, жырдың марксистік оқылым моделі мен образдық (бейнелік) өзгеру себептерін арнайы талдамайды.

Кеңестік жылдардағы эпосқа көзқарас көбіне саяси конъюнктураға тәуелді болды. 1944 жылғы 9 тамыздағы БКП (б) қаулысы «Едіге» сияқты халықтық эпосқа идеологиялық шектеу қойып, зерттеу бағытын ұзақ уақыт тежеді. Осыған байланысты кейінгі зерттеу еңбектерінде авторлар кеңестік саясаттың Едіге жырына ықпалын талдаған кезде, негізінен аталған қаулының мазмұнына, тарихи жағдайларына және оның салдарына басымдық берді (Асанұлы, Әуелбаев 2016). Мәселен, А. Шакиева «Особенности освещения истории Улуса Джучи в «Историях Казахской ССР» в 1940-1950-х годах» атты мақаласында соғыс жылдарында Едігенің жағымды бейнесін құрастыру бойынша қазақстандық тарихшылардың, жазушылардың, ақындар мен филолог-ғалымдардың пропагандалық іс-шаралары мен еңбектерін талдап, «Қазақстан тарихф» (1943) томының тағдырына ықпал еткен факторлардың бірі ретінде қарастырады (Шакиева, 2023).

Шетелдік зерттеулер халықаралық контексте маңызды бағдар береді. А. Беннингсеннің «The Crisis of the Turkic National Epics, 1951–1952: Local Nationalism or Internationalism?» атты мақаласы (Benningesen, 1975) кеңестік кезеңдегі эпостық дәстүрге идеологиялық бақылау мәселесін алғаш көтерген батыс зерттеулерінің бірі болып саналады. Автор «Алпамыш», «Манас» қатарында «Едіге» жырының да ұзақ уақыт бойы цензураға ұшырап, ғылыми айналымнан шеттетілгенін атап көрсетеді. Беннингсен эпостың тарихи-мәдени маңызын мойындай отырып, оны кеңестік биліктің «ұлтшылдық» ретінде бағалағандықтан, қабылдамағанын дәлелдейді. Ғалым жырды қарастыруда дерекке сүйеніп, идеологиялық тыйымдар мен саяси қысымның фольклорлық мұраның таралуына және зерттелуіне қалай әсер еткенін көрсетеді.

Девин ДеУис исламизация мен билік легитимациясы мәселесін қарастырып (DeWeese, 1994), көшпелілер саяси мәдениетін интерпретациялауда зор үлес қосты. Ол Баба Түкті Шашты Әзиз бейнесін исламдық қасиеттілік пен саяси биліктің заңдастырылуының түйінді символы ретінде талдап, Едіге тұлғасын исламизацияланған саяси мәдениеттің эпикалық көрінісі ретінде түсіндіреді. Бұл тұрғыдан ДеУис Едіге жырының идеологиялық мазмұнын исламдық құндылықтармен сабақтастыра қарастырып, көшпелі қоғамдағы билік пен діннің өзара байланысын айқындады.

Карл Райхль (Reichl, 2007) Едіге жырының каракалпақ нұсқасын этнографиялық тұрғыдан зерттеп, оның мәтіндік және музыкалық ерекшеліктерін реконструкциялады. Жумабай Базаровтың орындауына сүйене отырып, Райхль Едігенің эпикалық бейнесін этникалық жад пен тарихи сана тұрғысынан қарастырады.

Алайда бұл еңбектерде «Едіге» жырының кеңестік репрезентациясы арнайы нысан болмай, зерттеулер дипломатия, билік дискурсы, мәдени жады мәселелеріне көбірек бағытталған. Сондықтан идеологиялық қайта оқылым және образ трансформациясы тұрғысынан эпосты талдау — отандық тарихнамада да, батыс ғылымында да жеткілікті зерттелмеген сала болып табылады.

Осылайша, қолда бар әдебиеттерді талдау нәтижесі көрсеткендей, «Едіге» жырының фольклорлық табиғаты, сюжет желісі, көпнұсқалылығы мен текстологиялық ерекшеліктері ғылыми еңбектерде жан-жақты зерттелгенімен, оның кеңестік кезеңдегі идеологиялық қайта мағыналануы және марксистік дискурсқа бейімделу үдерісі жеке әрі кешенді түрде жүйелі зерттеу нысаны болмаған. Отандық зерттеулер көбіне 1944 жылғы БКП (б) қаулысының әсерін қарастырып, кейінгі кезеңдегі тыйымдар мен саяси бақылауды талдаумен шектеледі, ал 1920-1930-жылдардағы алғашқы интерпретациялық трансформацияның алғышарттары, «феодалдық-бекшіл» бейнеден «пролетарлық-идеялық» образға өтудің риторикалық механизмдері және бұл өзгерістің қазақ зиялылар (Қ. Сәтбаев, С. Сейфуллин, М. Әуезов) еңбектерінде көрініс табу сипаты әлі де терең зерттелмеген. Шетелдік ғалымдар еңбектері

эпостың тарихи-мәдени контексін, исламдану және этникалық жады мәселелерін жан-жақты ашқанымен, кеңестік репрезентация мәселесіне арнайы назар аудармайды.

Сондықтан бұл мақала аталған ғылыми олқылықты толтыруға бағытталып, 1920-1930-жылдардағы басылымдар, алғысөздер, марксистік терминология қолданысы мен дискурс элементтерін талдау арқылы «Едіге» жырының кеңестік идеологиялық контексте қайта бейімделу механизмдерін реконструкциялауды мақсат етеді.

### **Зерттеу нәтижелері**

Кеңестік кезеңдегі «Едіге» жырын зерттеу тарихы күрделі әрі қайшылықты сипатқа ие болғаны белгілі. Бұл, бір жағынан, кеңестік тарихнамалық дәстүрдің ішкі трансформацияларымен, екінші жағынан, тарихи ғылымнан тыс факторлардың — ең алдымен саяси-идеологиялық ықпалдың әсерімен айқындалады. Идеологиялық тұрғыдан шартталған (детерминацияланған) тарихи білімді құрастыру жағдайында «Едіге» жырын тек фольклорлық мұраның бір бөлігі ретінде ғана емес, сонымен қатар ұлттық өзіндік сананың және мәдени сәйкестіктің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастыруға ұмтылған қазақстандық зерттеушілердің еңбектері айрықша мәнге ие болды.

XX ғасырдың басында қазақ баспасөзінің дамуына байланысты қазақ әдебиеті қарқынды түрде кеңейіп, жарияланған жанрлар арасында фольклор елеулі орын алды. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін большевиктер марксистік идеяларды халықтық дәстүрлер элементтерімен ұштастырған жаңа кеңестік ұлттық мәдениетті қалыптастыру үдерісіне белсенді түрде кірісті. Осы үдерістің маңызды кезеңдерінің бірі 1925 жылғы 18 мамырда КУТВ студенттері алдында И.В. Сталиннің «Шығыс халықтары университетінің саяси міндеттері туралы» атты баяндамасы болды. Бұл баяндамасында ол алғаш рет кеңестік республикаларда ұлттық мәдениетті қалыптастырудың мақсаттарын айқындап, оны «мазмұны жағынан пролетарлық, ал түрі жағынан ұлттық» деп сипаттады (Сталин, 1947: 138). Бұл баяндама, сондай-ақ сол жылдың 18 маусымында қабылданған РКП(б) ОК Саяси бюросының «Партияның көркем әдебиет саласындағы саясаты туралы» Қаулысы аталған міндеттерді жүзеге асырудағы маңызды кезеңдерге айналды. Қаулыда ел мәдени революция кезеңіне аяқ басқаны және онда әдебиеттегі таптық күрестің мәніне ерекше назар аударылатыны атап көрсетілді. Құжатта: «қоғамдағы таптық күрес қалай тоқтамаса, дәл солай ол әдебиет майданында да тоқтамайды» деп белгіленді (Постановление, 1999: 54). Әдебиеттегі күрестің сипаты енді кеңес өкіметін орнатқанға дейінгі жағдайдан өзгеше екені көрсетілді: «егер билікті басып алуға дейін пролетарлық партия таптық күресті өршітіп, қоғамды жарылысқа бағыттаса, пролетариат диктатурасы кезеңінде партия алдында шаруалармен тіл табысу және оларды біртіндеп қайта өңдеу; буржуазиямен белгілі бір ынтымақтастыққа жол беру және оны баяу ығыстыру; техникалық және басқа да интеллигенцияны революцияға қызмет еткізу және оны идеологиялық тұрғыдан буржуазиядан тартып алу мәселелері тұр» (Постановление, 1999: 54).

Әдебиет іс жүзінде идеологиялық күрестің қуатты қаруы ретінде жарияланды. Құжатта былай делінеді: «Вышесказанным в общем и целом определяются задачи критики, являющейся одним из главных воспитательных орудий в руках партии. Ни на минуту не сдавая позиции коммунизма, не отступая ни на йоту от пролетарской идеологии, вскрывая объективный классовый смысл различных литературных произведений, коммунистическая критика должна беспощадно бороться против контрреволюционных проявлений в литературе, раскрывать сменовеховский либерализм и т.д.» (Постановление, 1999: 56).

Аталған қаулыдан кейін жергілікті ғалымдар жаңа идеологиялық ұстанымдарды жүзеге асыруға белсенді кірісті, бұл ұлттық мәдениетті, соның ішінде эпос пен фольклорды зерттеуге айтарлықтай ықпал етті. Егер революцияға дейінгі кезеңде Қазақстанда және Ресей империясының шет аймақтарында фольклорды жинау мен зерттеу ісі негізінен Петербург, Мәскеу, Қазан және империяның басқа ғылыми орталықтарынан шыққан ғалымдардың қолында болса, революциядан кейінгі 1920-жылдары фольклорға және ұлттық тарихи аңыздарға, соның ішінде «Едіге» эпосына деген қызығушылық едәуір артты. Материалдарды

жинау ісі ұлттық ғалымдардың және жаңа республикалық мәдениет орталықтарының қолына өтті (Жирмунский, 1974: 353).

Осы үдерістер аясында Қазақстанда К. Сәтбаев тұлғасының төңірегінде интеллектуалдық бастама қалыптаса бастады. Бұл топ «Едіге» эпосын жаңа идеологиялық шындық контексінде қайта пайымдауға ұмтылып, оған тек халық ауыз әдебиетінің ескерткіші ретінде ғана емес, сонымен қатар таптық күрестің көрінісі ретінде мән берді. Эпоста Едіге «қарасүйек» — қарапайым әлеуметтік топтан шыққан, Алтын Орда (Жошы ұлысы) мемлекетінің хандар билігіне қарсы тұрып, халықтың мүддесін қорғаушы ретінде бейнеленеді. Мұндай түсіндіру оны марксистік тарих тұжырымдамасына енгізуге мүмкіндік берді, онда халық батыры феодалдық езгіге қарсы күрестің символына айналады. «Ел қамын жеген Едіге» эпитеті кеңестік дискурста оның бейнесін идеологиялық тұрғыдан қабылданған формула ретінде орнықты. Бұл топтың мүшелері — жазушылар, ақындар, ғалымдар — Едіге бейнесін кеңінен насихаттаумен айналысып, ғылыми мақалалар мен әдеби шығармалардан бастап, театр қойылымдары мен көпшілікке арналған оқылымдарға дейінгі түрлі мәдени репрезентация формаларын қолданды. Олардың қызметі Едігені социалистік нарратив аясында халықтық күрестің бейнесін сомдай алатын тұлға ретінде бекітуге бағытталды (Сабитов, 2023). Айта кетерлігі, 1930-жылдары жарық көрген батырлық эпостар жинақтарында редакциялық құрылым әрдайым Едіге эпосынан басталды. Мұндай құрылым сол кезеңдегі мәдени және идеологиялық иерархияда аталған эпостың басым мәртебесін көрсетеді. Бұл жағдай бұған дейінгі басылымдармен, мысалы, Ә.А. Диваевтың 1922 жылғы жинағымен салыстырғанда айқын контраст түзеді, онда «Мырза Едіге батыр» эпосы соңғы бөлімге орналастырылған болатын (Диваев, 1922).

Бұл «ұлттық қаһарман» коммунистік идеология аясында «позитивті кейіпкер» ретінде бейнелеуге ыңғайлы болды. Біріншіден, ол Шыңғыс әулетінен шықпаған, «қара сүйектен», яғни қарапайым халықтан шыққан, сондықтан тектілік аристократияға жатпайды. Екіншіден, ол Алтын Орданың кейбір хандарына қарсы болған. Оны феодалдарға қарсы күрескер, езілген таптың (қарапайым халықтың) құқықтарын қорғаушы ретінде көрсетуге болатын еді. Үшіншіден, ол қазақ халқы арасында кеңінен танымал, бір аттас эпостың басты кейіпкері ретінде белгілі болды. Бұл эпос қазақтардың ең көп тараған эпостарының бірі еді.

Дегенмен «Мазмұны бойынша пролетарлық, түрі бойынша ұлттық мәдениет құру» науқанына дейін Едіге бейнесі жағымды кейіпкер ретінде әрдайым бағаланды деп айтуға келмейді. Мысалға, 1924 жылы Сана журналының №2-3 санында М. Тынышпаев «Мырза Едіге батыр» атты еңбегінде Едігенің жағымсыз бейнесін әшкерелейді. Мақала атауының астындағы «Ертегідегі Едіге мен тарихтағы Едіге» атты тақырыпшасы оқырмандарды тарихи Едіге мен эпостағы («ертедегі») Едіге арасында айырмашылық бар екеніне алдын-ала меңзегендей көрініс қалдырады. М. Тынышпаев аталмыш еңбекте Едігені авантюрист-ойыншы ретінде көрсетеді: «...Тоқтамыс орнынан тұра алмастай жығылған соң, Алтын Орданы билеу деген Едігеге қиын көрінбейді, содан Темір жібергісі келмесе де оны алдап (*Едіге кімді алдамаған* – Т.У. ерекшеленіп алынды) Алтын Ордаға қайтты» (Алаш көсемсөзі, 2011: 221). М. Тынышпаев Жошы ұлысы мемлекетінің әлсіреп құлдырауына «бірінші себепкер әуел Едігенің өзі, екінші – Әмір Темір» деп айып тағады (Алаш көсемсөзі, 2011: 221). Тағы бір жерде «...Жошы ұлысының көзімен қарағанда бұ жұртқа жаманшылық істегендердің арасында Едігеден асқаны жоқ» деп кесіп айтады (Алаш көсемсөзі, 2011: 224).

Кеңестік гуманитарлық ой-пікірдің қалыптасқан дәуірі ғылымнан белгіленген идеологиялық шеңберлерді ұстануды талап етті. Кеңестік марксистік ғылым аясында оқырманның алдын ала айқындалған, «дұрыс» мәтіндік қабылдауын қалыптастыруға ерекше назар аударылды. Осыған байланысты ғылыми басылымға жазылған алғысөз айрықша мәнге ие болып, біртіндеп оқырман қабылдауын идеологиялық тұрғыдан бағдарлауға бағытталған тұрақты ғылыми ритуал түріне айналды. Ол жай ғана кіріспе емес, үстем методология мен саяси конъюнктураға сәйкес мәтінді қабылдаудың шеңберін (фреймін) айқындайтын өзіндік интерпретация құралына айналды. Ғылыми басылымдардың алғысөздерінде шығарманың артықшылықтары да, кемшіліктері де көрсетіліп, акценттер ресми бағытқа қатаң сәйкестікпен

қойылды. Саяси-элеуметтік курстың үлгісіндей, ғылыми салада да априори жалғыз ғана жол — кеңестік марксистік әдіснама (методология) жолы мойындалды, ол баламалы интерпретациялар мен тәсілдерге мүмкіндік бермеді: «Воспитательно-направляющая роль предисловия..., подобная роли самой партии в повседневной жизни страны, зародилась еще в самое раннее время, когда советская наука только делала свои первые шаги и элементарно не имела достаточного количества научной и учебной продукции, чтобы обеспечить потребности собственной системы образования – а без этого было затруднительно дальнейшее развитие самой науки» (Крих, Метель, 2014: 30).

Әдетте мұндай алғысөздерде авторлар кеңестік марксизмнің ғылыми салада әрқашан баламалы бағыттардан — батыс буржуазиялық ғылымынан, батыс марксизмінен және басқа ағымдардан — озық тұрғанын дәлелдеуге ұмтылды. Бір жағынан, бұл кеңестік тарихшылар мен теоретиктердің интеллектуалдық жаттығуларына қолайлы орта қалыптастырды. Екінші жағынан, мұндай орта белгілі бір қауіп-қатерлермен байланысты болды. Партиялық доктрина жиі әрі күтпеген жерден бағытын өзгерткендіктен, кез келген пікір — ол мадақтау болсын немесе сын болсын — өткенде автордың өзіне қарсы қолданылуы мүмкін еді. Сондықтан тарихшылардың кәсіби өмір сүруі мен мансаптық жолы үшін күресі олардан айрықша дағдылар мен интуицияны талап етті: «...дар скользят на грани поругания и прославления становился важнейшим умением в наборе советских интеллектуальных канатоходцев» (Крих, Метель, 2014: 31). Бұл жағдайды кейіннен қазақ ғалымдары айқын көрсетті: олар академиялық ортада әртүрлі өміршеңдік стратегияларын қалыптастырып, тарихи-мәдени идеяларды (ғылыми мәтіндер: мақалалар, монографиялар және т.б.) рұқсат етілген дискурс аясында жеткізудің жолдарын тапты.

Бұл тұрғыда 1927 жылы жарық көрген екі басылым айрықша мәнге ие болды. Олар қазақ гуманитарлық ойының дамуына елеулі оқиға ретінде енді және зерттеушілердің тарих пен мәдениет мәселелеріне деген қызығушылығын көрсетті. Мәскеуде Қаныш Сәтбаевтың «Ер Едіге» атты кітабы жарық көрді — қазақ тілінде араб графикасымен басылған, 3000 дана таралыммен шыққан басылым. Сол жылы Қазақ ССР-інің астанасы Қызылордада Мұхтар Әуезовтің «Әдебиет тарихы» атты еңбегі жарияланды, ол қазақ әдеби дәстүрін жүйелеуге жасалған алғашқы талпыныс болды. Бұл еңбектерді тек хронологиялық жақындық қана емес, сонымен бірге авторларының өмірбаяндары да біріктірді — олар «Алаш» қозғалысының бұрынғы қатысушылары болып, жаңа кеңестік шындық жағдайында ұлттық мәдени мұраны сақтап, дамытуға ұмтылды. Кітаптардың тағдыры да идеологиялық ахуалдың құбылмалылығын айқын көрсетті: Сәтбаевтың еңбегі 1951 жылға дейін қоғамдық қолданыста сақталып, партиялық бағыттың өзгеруімен алынып тасталды, ал Әуезовтің кітабы болса, шыққан жылы — 1927 жылы-ақ айналымнан алынды. Ақырында, екі кітапқа қатысты цензуралық шектеулердің себебі алғысөз мазмұны болды, ол идеологиялық органдардың пікірінше марксистік парадигма канондарына сәйкес келмеді.

Қ. Сәтбаевтың «Ер Едіге» кітабының кіріспе бөлімінде марксистік идеялар әлі айқын көрініс таппайды — тек олардың жұмсақ, көзге әрең шалынатын сұлбасы байқалады. Бұл толық түсінікті жайт: сол кезеңде кеңестік ғылымның негізгі постулаттары мен қағидаттары әлі түпкілікті қалыптаспаған еді. Алғысөзінде Қ. Сәтбаев эпостағы Едігенің жағымды бейнесін халық шығармашылығының туындысы ретінде көрсетуге ұмтылады және Едіге бейнесін «хандар — билер» дихотомиясы аясында қарастырады, халық жадында билердің дәстүрлі түрде хандардан жоғары бағаланғанын ерекше атап өтеді. Дәйек ретінде ол мынадай тұжырымды келтіреді: «Ханда қырық кісінің ақылы болса, биде қырық кісінің ары білімі бар, ... «Батамен ер көгереді» дегендей, сондықтан қазақ сияқты көшпелі елде қашан да ханнан гөрі бидің қадір «киесі» басым болады» (Ер Едіге, 1995: 21). Қ. Сәтбаевтың пайымдауынша, Едігенің бойынан батырлық қасиеттен гөрі би-шешендік пен даналық сипаттары басым болғандықтан, қазақ халқының оны басты батыр ретінде тануы заңды құбылыс. Ол бұл ойды былайша түйіндейді: «Бірақ батыр деген Ақбарақ – екінші бірі табады, би деген ақ шарифат, елуден біреу туады... Сондықтан ел сыны да бір ауыздан: «Ел билеген Едігем деп әлпештеп, «Қазақ ерінің әуелгісі де Едіге, ақыры да Едіге» деп хан көтеріп отыр» (Ер Едіге, 1995: 27).

Ғалым Едігенің халықтық бейнесін халықты қанап келген, әділетсіз әрі әлсіз хандар бейнесіне қарсы қоя келе: «Сондықтан, Тоқтамыс хан мен Едіге бидің тартысы да сайып келгенде «ханнан билік кетіп, биге мәдет жету» мен «хан қашып, бидің қууымен» тиянақталады. Мұнан егерде, хан мен би екі бөлініп таразының екі басына түсе қалса, ел ниеті қашанда бидің жағына ауып отыратындығы көрінеді. Әңгіменің ішіндегі ең маңызды пікір осы деуге болады», - деп мәтіндегі ең басты ойын әдемі, әсерлі, шебер жеткізеді (Ер Едіге, 1995: 22).

Егер, Қ. Сәтбаев өз кітабында таптық тақырыпты белгілі бір мақсатта (Едігені ұлттық батыр ретінде канонизациялау үшін) ғана пайдаланса, жазушы М.Әуезов өзінің «Әдебиет тарихы» оқулық құралында (1927 жыл) бұл тақырыпқа тек формалді ғана қараған сияқты - таптық күрес тақырыбы сөзбасының «Мемлекет негізі құрылған дәуір» деген кіші бөлімінде ғана екі шағын абзац жолмен ғана шектеледі (Әуезов, 1991: 15). Оның үстіне, Қ. Сәтбаев әділ билерді, батырларды хандарға қарсы қойып қарастырса, М. Әуезов кітаптың негізгі бөлімінде еркін көсіліп, хан, батыр-билерді бір бірлікте, бір санатта («ел сүйеніші») қарастырады. «Сондықтан ол замандағы елдің сүйеніші кім? Сүйеніші қол бастаған батыры, ел бастаған ханы мен биі болған. Ел қиялында жүретін елдің шын қадірлі басшысы осы үш мінездің үшеуіне кім бірдей жетік болса, сол деп саналған. Сондықтан толық жақсы әрі батыр, әрі би әрі ел билеген хан болу керек. Бұл уақыт батырдың ең қадірлі болған заманы» (Әуезов, 1991: 56-57).

М. Әуезов осы еңбегінде батырлар жырын талдай отыра, оларды «екі жікке» бөледі. «Алғашқы жікке кіретін ұлы батырлар: туысы бөлек, орны басқа, ел қиялындағы баға – жоғары болған, ер рудың басшысы, әрі ел іргесін бермейтін елдің ұлы қамқоры, ханы қатарлы болғандар». Екінші жікке – кіші батырлар кіреді, және олардың ұлы батырлардан басты айырмашылығы – тылсым күштердің араласуынсыз жаратылуында («әншейін қоңыр қазақша туады») жатыр (Әуезов, 1991: 57).

М. Әуезовтің қазақ әдебиетін зерттеудегі олқылықты толтыруға бағытталған және қазақ халқы тарихындағы алғашқы оқу-әдістемелік сипаттағы еңбек ретінде қарастырылған монографиясы күрделі әрі қайшылықты тағдырға ие болды. Күтілген ғылыми үміттер жүзеге аспады: кітап баспадан шыққаннан кейін бірден қоймада ұсталып, оның таралуына ресми түрде тыйым салынды. Мұндай шешімнің негізінде АПО (үгіт-насихат бөлімі) қызметкері Әбдірахман Байділдиннің қорытындысы жатты. Ол өз пікірінде М. Әуезовтен еңбегіне марксистік ілім қағидаларына сәйкес алғысөз қосуды талап еткен болатын: «Насколько мне известно, из бесед с ним, он требует изменения названия, заменив настоящий заголовок «История казахской литературы» - «Материалы к истории», и считает необходимым исправить мое вступление, одновременно находит необходимым снабдить марксистским предисловием» (Пірәлі, 2015: 125-126).

М. Әуезов кітаптың тәркіленуінің шынайы себебін айқын түсінді. Ол бұл жағдайдың негізінде идеологиялық фактор жатқанын және оның ең алдымен өзінің өткендегі саяси ұстанымдарымен, ұлттық «Алаш» қозғалысының жас жетекшілерінің бірі болған кезеңімен байланысты екенін атап көрсетті. Жазған хатында Әуезов еңбектің абсолютті ғылыми деңгейге таласпайтынын, сонымен қатар 3–4 жыл бұрын жазылған бұл кітаптың тек бастапқы ғылыми ізденіс пен тәжірибелік қадам екенін мәлімдеді: «С тех пор в отношении методологических принципов исследования у меня произошли весьма, существенные перемены во взглядах. Теперь я сторонник социально-политического метода исследования литературы. Тогда я применял смешанные методы и, главным образом, придерживался метода культурно-исторического». М. Әуезов өзінің еңбегінің тағдырына алаңдаушылық білдіреді. Ол кітаптың бір жылдан бері Казгиз қоймасында жатқаны, жарық көруі не көрмеуі белгісіз екені және қызметкерлердің ешқайсысы әлі күнге дейін алғысөз жазуға кіріспегені туралы атап өтеді. Бұл күмәндер негізсіз емес еді. Әуезов жақсы хабардар болғандай, қоймада ұсталған кітаптар үш жылға дейін сақталып, кейін жойылуға тиіс болатын (Пірәлі, 2015: 126). Кітаптың жарық көруін ұзақ күткен ауыр күндерден кейін үшінші жылы репрессиялық саясат қарқынды түрде күшейе түсті. М. Әуезов Ташкентте тұтқындалды, ал еңбектің таралуына

тыйым салу туралы қорытынды жазған А. Байділдин 1929 жылы ОГПУ қызметкерлері тарапынан ұсталып, бір жылдан соң Мәскеуде атылды (Пірәлі, 2015: 126). Мұндай жағдайда кітаптың сақталуы мүмкін емес еді. Дегенмен, классиктің сөзімен айтқанда, «қолжазбалар жанбайды» — бір данасы және баспаға дайындалған машинкамен терілген нұсқасы ғажайып түрде сақталып қалды (Әуезов, 2014: 365). Кеңестік кезеңде жазушы Ғ. Мүсірепов бұл еңбекті өзінің кітапханасында сақтап, оның мұқабасын алып тастап, орыс тіліндегі басқа кітаптың ішіне орналастырған.

М. Әуезовтің «Қазақ әдебиеті» еңбегі алғаш рет жарық көргеннен кейін арада 58 жыл өткен соң, 1985 жылы жазушы шығармаларының 16-томы құрамында қайта басылып шықты. Бұл басылым елеулі редакциялық түзетулерге ұшырады. Атап айтқанда, батырлық эпостарға қатысты бөлімдер жинаққа толық енгізілмей қалды. Олардың қатарында «Едіге жыры» мен «Шора батыр жыры» және басқа да материалдар бар еді (Әуезов, 2014: 365).

Алайда марксистік тұрғыда жазылған «дұрыс» алғысөздің өзі ғалымға қауіпсіздік пен тыныш академиялық мансапты қамтамасыз ете алмады. Бұл жағдай С. Сейфуллиннің 1932 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиеті» («Казакская литература») еңбегіне қатысты. Аталған кітап қазақ әдебиеті жөніндегі алғашқы ғылыми еңбек ретінде бағаланды. Кітап марксистік бағыттағы алғысөзбен және автордың кіріспе сөзімен жарық көріп, жоғары пікірлерге ие болғанымен, бұл С. Сейфуллинді кейінгі саяси қуғын-сүргіннен қорғап қала алмады. Еңбектің алғысөзін Қазақстан Халық ағарту комиссариаты жанындағы әдістемелік кеңестің төрағасы, ҚазПИ доценті М. Жолдыбаев жазған болатын (Сейфуллин, 1964: 441).

С. Сейфуллин 1929 жылы өзінің «Қазақ әдебиеті» еңбегінің мәтініне кіріскен кезде, М. Әуезовтің бұған дейінгі жағдайына ұқсас қиындыққа тап болды. Нақтырақ айтқанда, ғылыми әдебиеттердің жетіспеушілігі зерттеу жұмысын күрделендірді. Бұған қоса, М. Әуезовтің еңбегі сол кезеңде тәркіленіп, қолжетімсіз күйге түскендіктен, С. Сейфуллин зерттеуін қайтадан бастауға мәжбүр болды.

Жазушы, ақын Сәкен Сейфуллин бұл еңбекке кірісер алдында бұқара халық, оқырмандардың көмегіне жүгінеді. 1929 жылы ол «Еңбекші қазақ» газеті арқылы ашық хат жазып, қазақтың ескі сөз, ертегі, жыр, шежіре мұраларын жинап, университетке жіберуін сұраған болатын (Сейфуллин, 1964: 441-442). Осы жылдары жазушы ҚазПИ-де ұстаздық (доцент) қызмет етіп, әдебиет саласында студенттерге арналған оқу-құрал тапшылығымен кезігеді. «Қазақ әдебиеті» оқулығының кіріспесінде (сөз басында) ол «...бүгінге дейін қазақ әдебиеті туралы жазылған арнаулы еңбек жоқ» және «...Ескі «ел әдебиеті» туралы ештеңе жоқтығы былай тұрсын, сол ескі ел әдебиетінің жинақтары да жоқ» деп қалыптасқан жағдайды суреттейді (Сейфуллин, 1964: 7). Хаттың соңында С. Сейфуллин өзінің үй мекенжайын көрсеткен. «Қазақ әдебиеті» еңбегі 1931 жылғы 8 наурызда аяқталып, 1932 жылы 10 мың дана тиражбен жарық көрді. Кітаптағы есімдерге жасалған сілтемелер мен алғыс сөздердің санына қарағанда, С. Сейфуллин зерттеу барысында елеулі көлемде материал жинақтағаны байқалады. Олардың қатарында қазақ эпостары мен аңыздарының түпнұсқа қолжазбалары, сондай-ақ қарапайым жазбалар да болған.

Сөз басында С. Сейфуллин әдебиет дәуірлерінің кезеңдерінің периодизациясын белгілеп («билер дәуірі» мен «патша дәуірі»), «хандар, сұлтандар, батырлар, билер, байлар табының әкімшілік құрған замандарын жалпы қысқартып айтқанда, билер дәуірі деуді жөн көрдім» дейді (Сейфуллин, 1964: 8). Осы кіріспе бөлімде автор хандар мен билерге қатысты коннотациясы бойынша таза марксистік «үстем тап» сөз тіркесін жиі қолданыды. Сөз басы соңында С. Сейфуллин кітаптың басты лейтмотивін келесі сөздермен береді: «Ескіліктегі үстем тап, қысқасынан айтқанда, билер табы болғандықтан, барлық әдебиет сол әкімшілік жүргізген үстем таптың санасымен шығып, үстем тап өз дәуірінің «тұрмыс қаймағын» бұздырмау ретінде мықты құрал болған» (Сейфуллин, 1964: 8). Жалпы, кітапта автор өткен тарихта әдебиет атаулы дүние үстем тап өкілінің құралы болды деген сөздерді жиі келтіріп, өз заманынан тиісті паралельдер мен аналогиялар іздеп, советтік әдебиет енді пролетариат табының саяси-идеологиялық құралы болуы тиіс деген ойларға меңзейді.

1934 жылы С. Сейфуллиннің көлемді еңбегі – «Батырлар жыры жинағы» жарық көрді. Жинақта эпикалық шығармалардың ішінде «Едіге жыры» бірінші орынға қойылған. Кітаптың кіріспе сөзін «Қазақстан баспасынан» айдарымен Тайыр Жароков (кітапта – Тайыр Жароқұлы) жазды. Бұл жыл кеңестік ғылым үшін айрықша өзгерістер кезеңі болды. Дәл осы уақытта сталиндік-советтік ғылыми доктрина өзінің түпкілікті шекараларын айқындап, тарихи ғылым жаңа идеологиялық бағытқа көшті. 1934 жылғы 16 мамырда қабылданған БКП(б) Орталық Комитеті мен КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің «КСРО мектептерінде Отан тарихын оқыту туралы» қаулысы (О преподавании..., 1934) тарих ғылымын жаңа арнаға бұрып, кейінгі зерттеулер мен білім беру саясатының бағытын айқындады. Аталған құжат тарихты оқытудағы идеологиялық бағдарларды бекітіп қана қоймай, өңірлік басқару органдары мен мәдени-идеологиялық майдан өкілдерінің қызметіне де елеулі ықпал етті. Кітаптың кіріспесінде қолданылған риторика сипатына қарағанда, бұл қаулының сол кезеңде (1933–1934 жж.) Казгослитиздаттың редакторы қызметін атқарған Т. Жароков дайындаған мәтіннің идеялық мазмұнына айтарлықтай әсер еткені байқалады (Сейфуллаұлы, 1934: 3-4).

Дегенмен, әдебиетті таптық күрес қаруы ретінде санаған С. Сейфуллиннің еңбектерінде ғылыми-теориялық пайымдар, авторлық көзқарастар мүлде жоқ деуге болмайды. Керісінше, оның бірқатар тұжырымдары бүгінгі ғылым үшін де өзектілігін жоғалтпаған. Мәселен, жазушы-ғалым «Қобыланды батыр» жырын талдай отырып, Қобыландыны тарихи тұлға, Тоқтамыс хан дәуірінде өмір сүрген кейіпкер ретінде қарастырады (Сейфуллин, 1964: 346). Бұл тұжырым қазіргі отандық тарихнамада да қолдау тауып отырғанын ескерсек, С. Сейфуллин өз кезегіндегі ғылыми деңгейі үшін озық қорытынды жасағанын байқау болады (Сабитов, Каратаев, Толегенулы, 2025: 954). Мысалға, жазушы-ғалым Қобыланды жырын талдай отыра, Қобыланды батырдың тарихта болған адам, Тоқтамыс ханмен бір заманда өмір сүрген адам деп сол кездегі ғылым деңгейі үшін озық қорытынды жасайды. Сонымен қатар, ол 1932 жылы 10 мың данамен жарыққа шыққан «Қазақ әдебиеті» еңбегінде жазушы ноғайлы дәуірінің жырлары, соның ішінде Едіге жыры ноғайлықтармен қазақтарға тарады деген П.М. Мелиоранский, П.А. Фалев ұсынған тұжырымды жоққа шығарады (Сейфуллин, 1964: 298). Жазушы: «Қалың түркі елдерін билеп, бүлдірген хандармен қатар, ноғайлы елін билеген, бүлдірген Едіге батырдың балаларын: атақты Ормамбет биді – қазақтың ескі ауыз әдебиеті өзінікі қылып жырлайды. Қазақтың ескі ауыз әдебиетінің маңызды жұрнақтары ноғайлы елінікі болып әңгімеленеді. Онысы – қазақтың өзі ол заманда ноғай елі болғандық» (Сейфуллин, 1964: 32-33), дей келе, қазақ пен ноғай халықтарының ішкі тарихи байланыс-бірлігі жайлы меңзейді.

Басқаша сөзбен айтсақ, Ноғайлы жырлары тек ноғай халқының мұрасы ғана емес, ол осы жырларды дүниеге әкелген, және сол дәуірде «ноғайлы» деп аталған Жошы Ұлысы халқына ортақ рухани жәдігер. «Өйткені Ноғайлы атқа бәрі де ортақ болған. Бұл ертегі-әңгімелер сол Қырым, Қазан, Моңғол рулары — бәрі бір ел болып — Ноғайлы атанып, Ноғайлы болып жүргендегі қазіргі қазақ батырды ертек-әңгіме қылған жырлар» (Сейфуллин, 1964: 14). Сонымен қатар, автор «ескі ақындардың сөзінде ноғай, қазақтың айырымы бар ме?» деген риторикалық сұрақ қойып, оған кіші жүздің Мұрат ақының толғауынан бірнеше мысал келтіріп жауап береді:

Мен қарға бойлы Қаз туған,  
Қайғыланып асып барамын,  
Ноғайлы қазақ елімнен... (Сейфуллин, 1964: 320).

...Жаудың да келер шамасы,  
Қоныстың бәрін жоғалтқан,  
Ноғайлы, қазақ надан жұрт,  
Бірлігінің кемісі... (Сейфуллин, 1964: 321).

Жазушы үшін, ноғайлы мен қазақ арасында айырмашылық жоқ. Ол шүбәсіз қорытынды жасайды: «Мұрат ақынның жырларында - «ноғайлы», «қазақ» деген сөз бір-ақ елдің аты және ноғайлы батырлары мен билері – қазіргі қазақ елінің бұрынғы өз адамдары. Бұл тарихи сөз...» (Сейфуллин, 1964: 321).

Бір қызығы, дәл осындай ой-тұжырым С. Сейфуллиннің саяси-идеологиялық антагонисті М. Әуезовтің еңбегінде де кезігеді. 1939 жылы ол «Литература и искусство Казахстана» журналының сандарында шыққан «Эпос и фольклор казахского народа» атты мақаласында эпоста қазақ пен ноғайлы ұғымдарының жақындығы туралы жазады. «Герои этих былин еще не именуются «казахами», былины называют их «выходцами из Ногайлы». Объясняется это тем, что в истоках своих эти песни воспроизводят эпоху, когда самостоятельный казахский политический союз еще не образовался и когда роды, составившие позже этническую основу казахского народа, фигурировали еще в составе Золотой Орды, Крымского и Казанского ханств, политических союзов и среднеазиатских ханств под общим, более популярным именем «ногайлы» (Әуезов, 2004: 55).

Бір жылдан кейін (1940 жылы) жазушы, аудармашы Л.С. Соболевтың редакциясымен шыққан «Песнь степей» атты қазақ халық ауыз әдебиетінің әр түрлі жанрлары бойынша шығармалар жинағында М. Әуезовтің мақаласында («Казахский эпос и дореволюционный фольклор») жырдың қашан және кіммен шығарылғанын анықтау мүмкін еместігін айта келе, жырдың алғашқы нұсқалары қазақ халқының өзінің саяси бірігу кезеңіне дейін «Ноғайлы» деген жалпы атаумен белгілі болған кезінде жазылған болуы керек деп түйіндейді: «...Но из того, что герои их еще не казахи, а «выходцы из Ногайлы», можно заключить, что первоначальные варианты героических поэм восходят к эпохе, когда самостоятельный казахский политический союз еще не образовался, когда роды, составившие этническую основу казахского народа, фигурировали еще в составе Золотой Орды, Крымского и Казанского ханств под общим, более популярным именем «Ногайлы» (Ауэзов, 1940: 11).

Қазақ эпосының генезисіне қатысты М. Әуезов (алаштық бағыт) пен С. Сейфуллин (кеңестік бағыт) еңбектеріндегі ой-тұжырымдардың өзара үндестігі қазақ халқының тарихында Ноғайлы кезең туралы түсініктің кеңестік дәуірге дейін-ақ ғылыми ортада орныққанын көрсетеді. Кеңестік кезеңде зиялы қауым екі қарама-қарсы идеологиялық лагерьге бөлінгенімен, С. Сейфуллин тәрізді зерттеушілер марксистік әдіснаманы ұстанғанымен, олардың ғылыми еңбектеріндегі тұжырымдар, әсіресе батырлар жырына қатысты пайымдары, сталиндік «мазмұны пролетарлық, түрі ұлттық» формуласына қарама-қарсы сипат алды. Нақтырақ айтқанда, бұл еңбектерде түрі пролетарлық болып көрінгенімен, мазмұны ұлттық болып шықты. Мұндай жағдай қазақ эпикалық дәстүрін зерттеуде ұлттық тарихи жад пен мәдени мұраны сақтап қалуға бағытталған ғылыми ұмтылыстың басым болғанын айғақтайды.

### **Қорытынды**

Едіге жырының кеңестік кезіндегі ғылыми интерпретациясы қазақ гуманитарлық ойының идеологиялық қысым жағдайында қалай қалыптасқанын айқын көрсетеді. Эпостың ғылыми айналымға енуі, оның тарихи-әдеби табиғатын тану жолындағы пікірталастар мен түрлі әдіснамалық ұстанымдар зерттеушілердің саяси жағдайға бейімделуімен, кейде оған қарсы тұруымен жүрді. Осы тұрғыдан алғанда Қ. Сәтбаев, М. Әуезов және С. Сейфуллин еңбектерінің кіріспелері кеңестік ғылыми дискурс қалыптасу кезеңіндегі әртүрлі әдіснамалық және идеологиялық үлгілерді көрсетеді.

Сөйтіп, «Едіге» жырын зерттеу тарихы – тек әдеби мұраның ғылыми талдануы ғана емес, сонымен бірге қазақ зиялыларының күрделі саяси жағдайдағы ғылыми әрекетінің, ұлттық жадты сақтап қалу жолындағы интеллектуалдық стратегияларының көрінісі. Эпостың әр кезеңдегі интерпретациясы мемлекет пен ғылым, идеология мен ұлттық дәстүр арасындағы күрделі қарым-қатынастардың қыр-сырын ашып, қазақ әдебиеттануының кеңестік кезеңдегі эволюциясын түсінуде маңызды әдіснамалық бағдарға айналады.

## References

- Asanuly, Auelbaev, 2016 — *Asanuly Zh., Auelbaev M.* Er Edigenin tarikhy: monografiya [**The History of Er Edige: A Monograph**] Almaty: «Nursat» baspasy, 2016. 190 p. (In Kaz.).
- Auezov, 1940 — *Auezov M.* «Kazakhskiy epos i dorevolyutsionnyy fol'klor»/ Pesn' stepey. Antologiya kazakhskoy literatury ["Kazakh Epic and Pre-Revolutionary Folklore" / Song of the Steppes. An Anthology of Kazakh Literature]. Ed. Sobolev L., Moscow: Gosudarstvennoe izdatel'stvo «Khudozhestvennaya literatura», 1940. 587 p. (In Russ.).
- Auezov, 1991 — *Auezov M.* Adebiet tarikhy: Zhogary oqu oryndarynyn studentterine arnalgan [History of Literature: For students of higher education institutions] Almaty: Ana tili, 1991. 240 p. (In Kaz.).
- Auezov, 2004 — *Auezov M.* Shygarmalarynyn elu tomдық tolyq zhinagy: maqalalar, zertteuler, p'esalar, librettolar 1936-1939 [A complete collection of works in fifty volumes: articles, studies, plays, librettos 1936-1939] / M. Auezov. Almaty: Zhibek zholy, 2004. Vol. 14. 376 p. (In Kaz.).
- Auezov, 2014 — *Auezov M.* Shygarmalaryn elu tomдық tolyq zhinagy [A complete collection of works in fifty volumes]. Almaty: «Daur», «Zhibek zholy», 2014. Vol. 4: Zertteuler, oqulyqtar, adebi nusqalar. 1924-1930. 456 p. (In Kaz.).
- Bennigsen, 1975 — *Bennigsen, A.A.* The Crisis of the Turkic National Epics, 1951–1952: Local Nationalism or Internationalism? // Canadian Slavonic Papers / Revue Canadienne des Slavistes. 1975. Vol. 17, No. 2/3: Russian and Soviet Central Asia. Pp. 463–474.
- DeWeese, 1994 — *DeWeese D.A.* Islamization and native religion in the Golden Horde: Baba Tukles and conversation to Islam in historical and epic tradition. The Pennsylvania State University. 1994. 638 p.
- Divayev, 1922 — *Divayev A.* Myrza Edige batyr // Batyrlar. Zhetinshi zhinaq [Myrza Edige Batyr // Batyrs. 7<sup>th</sup> Collection]. Tashkent: Turkistan respublikasynyn baspasoz shygarushy magkamasy, 1922. 25 p. (In Kaz.).
- Er Edige, 1995 — *Er Edige* [Er Edige] / Comp. G.O. Batyrbekov. Almaty: Gylym, 1995. 152 p. (In Kaz.).
- Krikh, Metel', 2014 — *Krikh S.B., Metel' O.V.* Sovetskaya istoriografiya drevnosti v kontekste mirovoy istoriograficheskoy mysli [Soviet historiography of antiquity in the context of world historiographic thought]. Moscow: LENAND, 2014. 256 p. (In Russ.).
- Magauin, 1993 — *Magauin E.M.* Edige: khalyq eposy [Edige: a folk epic] / Ed. and afterwords by E. Magauin. Almaty: Ayqap, 1993. 76 p. (In Kaz.).
- Magauin, 1995 — *Magauin Edige Mukhtaruly.* «Edige» zhyrynyn tarikhilygy zhane korkemdik erekshelikteri [The historicity and artistic features of the poem "Edyge"]. Candidate's Dissertation Abstract (Philology). Almaty, 1995. 27 p. (In Kaz.).
- O prepodavani..., 1934 — *O prepodavaniy grazhdanskoy istorii v shkolakh SSSR: postanovlenie TsK VKP(b) i Soveta Narodnykh Komissarov SSSR* [On the teaching of civil history in schools of the USSR: Resolution of the Central Committee of the All-Union Communist Party (Bolsheviks) and the Council of People's Commissars of the USSR] // Pravda 1934. 16 May №133 (6019). (In Russ.).
- Postanovlenie, 1999 — *Postanovlenie Politbyuro TsK RKP(b) «O politike partii v oblasti khudozhestvennoy literatury» // Vlast' i khudozhestvennaya intelligentsiya. Dokumenty TsK RKP(b) — VKP(b), VChK — OGPU — NKVD o kul'turnoy politike. 1917–1953* [Resolution of the Politburo of the Central Committee of the RCP(b) "On the Party's Policy in the Field of Fiction" // Power and the Artistic Intelligentsia. Documents of the Central Committee of the RCP(b) - All-Union Communist Party (Bolsheviks), the Cheka - the OGPU - the NKVD on Cultural Policy. 1917–1953] / Ed. A. N. Yakovlev; Comp. A. Artizov, O. Naumov. Moscow: MFD, 1999. 872 p. (In Russ.).
- Pirali, 2015 — *Pirali G.* «Mukhtar Auezov Leningradta». Data. Oqiga. Tagdyr (1923-1928 zhzh.) ["Mukhtar Auezov in Leningrad". Date. Event. Fate (1923-1928)]. Almaty: «Eltanym baspasy», 2015. 152 p. (In Kaz.).
- Qasqabasov, 1984 — *Qasqabasov S.A.* Qazaqtyn khalyq prozasy. Almaty: Gylym. 1984. 272 p. (In Kaz)
- Reichl, 2007 — *Reichl, K.*, Edige, A Karakalpak Oral Epic – as Performed by Jumabay Bazarov. Helsinki, Suomalainen Tiedeakatemia Academia Scientiarum Fennica, 2007, 498 p.
- Sabitov, 2023 — *Sabitov Zh. M.* Zolotaya Orda dlya kazakhov – eto to zhe samoe, chto i raspad SSSR For Kazakhs, the Golden Horde is the same as the collapse of the USSR]. [e-resource]. YouTube, 2023. URL: <https://www.youtube.com/watch?v=-7JT6IxJJtY&t=319s> (access date: 10.12.2025). (In Russ.).
- Sabitov, Karataev, Tolegenuly, 2025 — *Sabitov Zh., Karataev A., Tolegenuly B.* Predstaviteli kazakhskikh plemen v epose «Manas» [Representatives of the Kazakh tribes in the "Manas" epic] // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2025. Vol. 12. No 4. Pp. 946–959. (In Russ.).
- Seyfullin, 1932 — *Seyfullin S.* Qazaq adebiyeti. 1-kitap. Biler dauirinin adebiyeti [Kazakh literature. Book 1. Literature of the Biy era]. Qyzylorda: Qazmembas, 1932. 234 p. (In Kaz.).
- Seyfullin, 1964 — *Seyfullin S.* Shygarmalar. 6-tom. Qazaq adebiyeti [Works. Volume 6. Kazakh Literature]. Almaty: Qazaqtyn Memlekettik Korkem adebiet baspasy, 1964. 455 p. (In Kaz.).
- Seypollayly, 1934 — *Seypollayly S.* Batyrlar zhyrlarynyn zhinagy. Ekinshi zhinaq [A collection of poems about batyrs. 2<sup>nd</sup> collection]. Semey: Qazaqstan baspasy. 1934. 421 p. (In Kaz.).

Shakieva, 2023 — *Shakieva A.S.* Osobennosti osveshcheniya istorii Ulusa Dzhuchi v «Istoriyakh Kazakhskoy SSR» v 1940–1950-kh godakh [Features of the coverage of the history of the Ulus of Jochi in the "Histories of the Kazakh SSR" in the 1940s–1950s] // *Zolotoordynskoe obozrenie*. 2023. Vol. 11. № 1. Pp. 220–241. (In Russ.).

Stalin, 1947 — *Stalin I.V.* Zadachi KUTV v otnoshenii sovetskikh respublik Vostoka // *I.V. Stalin Sochineniya*. Tom 7. 1925. OGIZ [Tasks of the KUTV in relation to the Soviet republics of the East // *I.V. Stalin. Works*. Vol. 7. 1925. OGIZ]. Moscow: State Publishing House of Political Literature, 1947. 424 p. (In Russ.).

Zhirmunskiy, 1974 — *Zhirmunskiy V.M.* Tyurkskiy geroicheskiy epos [Turkic heroic epic]. Leningrad: Nauka. Leningrad branch, 1974. 727 p. (In Russ.).

### Әдебиеттер тізімі

Асанұлы, Әуелбаев, 2016 — *Асанұлы Ж., Әуелбаев М.* Ер Едігенің тарихы: монография. Алматы: «Нұрсәт» баспасы, 2016. 190 б.

Ауэзов, 1940 — *Ауэзов М.* «Казахский эпос и дореволюционный фольклор»/ Песнь степей. Антология казахской литературы. Под редакцией Леонида Соболева. Государственное издательство «Художественная литература», Москва, 1940. 587 с.

Әуезов, 1991 — *Әуезов М.* Әдебиет тарихы: Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған. Алматы: Ана тілі, 1991. 240 б.

Әуезов, 2004 — *Әуезов М.* Шығармаларының елу томдық толық жинағы: мақалалар, зерттеулер, пьесалар, либреттолар 1936-1939/ М. Әуезов. – Алматы: Жібек жолы, 2004 Т. 14. 376 б.

Әуезов, 2014 — *Әуезов М.* Шығармаларың елу томдық толық жинағы. Алматы: «Дәуір», «Жібек жолы», 2014. 4-том: Зерттеулер, оқулықтар, әдеби нұсқалар. 1924-1930. 456 б.

Диваев, 1922 — *Диваев А.* Мырза Едіге батыр // Батырлар. Жетінші жинақ. Ташкент: Түркістан республикасының баспасөз шығарушы мағамасы, 1922. 25 б.

Ер Едіге, 1995 — *Ер Едіге*. /Құрастырушысы Ғ.О. Батырбеков – Алматы: Ғылым, 1995. 152 б.

Жирмунский, 1974 — *Жирмунский В.М.* Тюркский героический эпос. Ленинград: Наука. Ленинградское отделение, 1974. 727 с.

Крих, Метель, 2014 — *Крих С.Б., Метель О.В.* Советская историография древности в контексте мировой историографической мысли. Москва: ЛЕНАНД, 2014. 256 с.

Қасқабасов, 1984 — *Қасқабасов С.А.* Қазақтың халық прозасы. Алматы: Ғылым. 1984. 272 б.

Мағауин, 1993 — *Мағауин Е.М.* Едіге: халық эпосы / Текстологиясын қарап, баспаға әзірлеген, алғы сөзін, соңғы сөзін жазған Е. Мағауин. Алматы: Айқап, 1993. 76 б.

Мағауин, 1995 — *Мағауин Едіге Мұхтарұлы*. «Едіге» жырының тарихилығы және көркемдік ерекшеліктері. 10.01.09 – фольклористика. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы, 1995. 27 б.

О преподавании..., 1934 — *О преподавании гражданской истории в школах СССР*: постановление ЦК ВКП(б) и Совета Народных Комиссаров СССР // *Правда* 1934 16 мая №133 (6019).

Постановление, 1999 — *Постановление Политбюро ЦК РКП(б) «О политике партии в области художественной литературы»* // Власть и художественная интеллигенция. Документы ЦК РКП(б) — ВКП(б), ВЧК — ОГПУ — НКВД о культурной политике. 1917–1953 / под ред. акад. А. Н. Яковлева; сост. А. Артизов, О. Наумов. Москва: МФД, 1999. 872 с.

Пірәлі, 2015 — *Пірәлі Г.* «Мұхтар Әуезов Ленинградта». Дата. Оқиға. Тағдыр (1923-1928 жж.). Алматы: «Елтаным баспасы», 2015. 152 б.

Сабитов, 2023 — *Сабитов Ж. М.* Золотая Орда для казахов – это то же самое, что и распад СССР [Электронный ресурс]. YouTube, 2023. URL: <https://www.youtube.com/watch?v=-7JT6IxJtY&t=319s> (дата обращения: 10.12.2025).

Сабитов, Каратаев, Толегенулы, 2025 — *Сабитов Ж., Каратаев А., Толегенулы Б.* Представители казахских племен в эпосе «Манас» // *AsianJournal“SteppePanorama”*. 2025. Т. 12. No 4. С. 946–959.

Сейполлаұлы, 1934 — *Сейполлаұлы С.* Батырлар жырларының жинағы. Екінші жинақ. Семей: Қазақстан баспасы. 1934. 421 б.

Сейфуллин, 1932 — *Сейфуллин С.* Қазақ әдебиеті. 1-кітап. Билер дәуірінің әдебиеті. Қызылорда: Қазмембас, 1932. – 234 б.

Сейфуллин, 1964 — *Сейфуллин С.* Шығармалар. 6-том. Қазақ әдебиеті. Алматы: Қазақтың Мемлекеттік Көркем әдебиет баспасы, 1964. – 455 б.

Сталин, 1947 — *Сталин И.В.* Задачи КУТВ в отношении советских республик Востока // *И.В. Сталин Сочинения*. Том 7. 1925. ОГИЗ. Москва: Государственное издательство политической литературы. 1947. 424 с.

Шакиева, 2023 — *Шакиева А.С.* Особенности освещения истории Улуса Джучи в «Историях Казахской ССР» в 1940–1950-х годах // *Золотоордынское обозрение*. 2023. Т. 11, № 1. С. 220–241.

Bennigsen, 1975 — *Bennigsen, A.A.* The Crisis of the Turkic National Epics, 1951–1952: Local Nationalism or Internationalism? // *Canadian Slavonic Papers / Revue Canadienne des Slavistes*. 1975. Vol. 17, No. 2/3: Russian and Soviet Central Asia. Pp. 463–474.

DeWeese, 1994 — *DeWeese D.A.* Islamization and native religion in the Golden Horde: Baba Tukles and conversation to Islam in historical and epic tradition. The Pennsylvania State University. 1994. 638 p.

Reichl, 2007 — *Reichl, K.*, Edige, A Karakalpak Oral Epic – as Performed by Jumabay Bazarov. Helsinki: Suomalainen Tiedeakatemia Academia Scientiarum Fennica, 2007. 498 p.

## CONTENTS

## HISTORIOGRAPHY AND SOURCE STUDIES

<b>Baizhumanova Z.B., Kalybekova M.Sh., Gafurov A.</b> MEDICAL EDUCATION IN THE USSR: APPROACHES OF CONTEMPORARY HISTORIOGRAPHY (USING KAZAKHSTAN AS AN EXAMPLE).....	300
<b>Mukhatova O. Kh., Qadilbek M., Tashagyl A.</b> KAZAKH–QING RELATIONS IN THE LETTERS OF ABILPEIZ SULTAN.....	315
<b>Oshan Zh, Khoshbateni H., Sauyrkan Y.</b> HISTORICAL SOURCE MATERIALS IN MANUSCRIPT HERITAGE RELATED TO ER ZHANIBEK.....	329
<b>Tulepbergenov G., Bukanova R.K.</b> KAYUM MUHAMEDKHANOV'S SCIENTIFIC EVERYDAY LIFE IN THE CONTEXT OF THE SEARCH FOR INFORMATION ABOUT ILYAS BORAGANSKY (Dedicated to the 110th birth anniversary of K.Mukhamedkhanov) .....	342

## HISTORY

<b>Abdrakhmanova G.S., Kalenova T.S., Maslov Kh.B.</b> TRANSFORMATION OF REGIONAL GOVERNANCE IN EASTERN KAZAKHSTAN DURING THE CIVIL WAR.....	354
<b>Atdaev S.J., Atdaeva O.G.</b> HISTORY OF ORAZ-YAGLY-KHAN AND HIS DESCENDANTS.....	368
<b>Bekmagambetov R.K., Bimolanova A.A., Bekmagambetova M.Zh.</b> ADMINISTRATIVE-TERRITORIAL STRUCTURE OF THE TURGAY REGION IN THE CONTEXT OF THE STEPPE STATUS OF 1891: IMPERIAL POLICY AND REGIONAL SPECIFICITY.....	386
<b>Dossymova M.K., Topal N., Zhylykshybayeva K.</b> SOVIET RUSSIA AND TURKEY: THE QUESTION OF MILITARY AID (1919–1920).....	400
<b>Zharkynbayeva R.S., Zhangabay A.P.</b> LIVING CONDITIONS, LABOR CONDITIONS, AND MEDICAL CARE OF WORKERS IN THE KAZAKH SSR DURING THE WAR YEARS (1941–1945).....	414
<b>Zakarya R., Saitbekov A.M.</b> POLITICAL EMIGRANTS IN KAZAKHSTAN IN THE 1930S–1940S: MIGRATION PROCESSES AND SOCIO-LEGAL STATUS.....	432
<b>Kasymova D., Mukanova G., Margulan A.</b> SOVIET EXPERIENCE OF KAZAKH-YOMUD CONFLICT SETTLEMENT OF 1923 (BY ARCHIVAL MATERIALS).....	447
<b>Kozybayeva M.M.</b> THE INSTITUTE OF DISENFRANCHISEMENT IN THE ELECTORAL LEGISLATION OF KAZAKHSTAN IN THE EARLY 1920S – FIRST HALF OF THE 1930S.....	465
<b>Nurymbetova G.R., Janysbay T.S.</b> SOVIET MODERNIZATION AND THE ELIMINATION OF ILLITERACY: THE FORMATION OF THE ADULT EDUCATION SYSTEM IN KAZAKHSTAN (1920S–1930S).....	481
<b>Saktaganova Z.G., Ilyasova A.U.</b> ON THE QUESTION OF ESCAPE FROM THE KARAGANDA CORRECTIVE LABOR CAMP DURING THE WAR YEARS (1941–1945).....	502
<b>Sariguzel N.</b> THE IMPACT OF ATATÜRK'S DOMESTIC TRAVELS ON TURKEY'S TAX POLICY (1930–1931).....	519
<b>Toktarbayuly A.</b> THE POLICY OF COLLECTIVIZATION OF THE NATIONAL ECONOMY AND ITS RESULTS (1954–1959, ON THE EXAMPLE OF BAYAN-ÖLGII PROVINCE).....	530
<b>Ualiyev T., Sabitov Zh.</b> SOVIET INTERPRETATION OF THE “EDIGE” EPIC IN THE 1920–1930S: MARXIST PREFACES AND APPROACHES OF THE KAZAKH INTELLECTUALS.....	549
<b>Utegenov M., Bektasov Sh., Aliyeva S.I.</b> FROM THE HISTORY OF THE CONFISCATION OF BAYS HOUSEHOLDS IN NORTHERN KAZAKHSTAN (1928).....	565

## ETHNOLOGY/ANTHROPOLOGY

<b>Sharipov R.K., Baigunakov D.S., Nurshanov A.A.</b> PETROGLYPHIC COMPLEXES TANBALY END ALMALY IN THE CHU-ILI MOUNTAINS: NATURAL ENVIRONMENT; SOURCES OF RAW MATERIALS AND MANUFACTURING TECHNIQUES .....	584
<b>Sholakhov M., Nabiev R.</b> THE IMAGE OF THE SNAKE AMONG TURKO-MONGOLIAN PEOPLES.....	599

## МАЗМҰНЫ

### ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ

<b>Байжуманова З.Б., Калыбекова М.Ч., Гафуров А.М.</b> КСРО-ДАҒЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ: ЗАМАНАУИ ТАРИХНАМАЛЫҚ БАҒЫТТАР (ҚАЗАҚСТАН МЫСАЛЫНДА).....	300
<b>Мұхатова О.Х., Қадылбек М., Ташағыл А.</b> ӘБІЛПЕЙІЗ СҰЛТАННЫҢ ХАТТАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ-ЦИН ҚАТЫНАСТАРЫ.....	315
<b>Ошан Ж., Хошбатени Х., Сауырқан Е.</b> ЕР ЖӘНІБЕККЕ ҚАТЫСТЫ ҚОЛЖАЗБА МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ДЕРЕКТІК КӨРІНІСТЕР.....	329
<b>Төлепбергенов Ғ.М., Буканова Р.Ғ.</b> ҚАЙЫМ МҰХАМЕДХАНОВТЫҢ ІЛИЯС БОРАГАНСКИЙ ТУРАЛЫ ДЕРЕКТЕРДІ ІЗДЕУ КОНТЕКСТІНДЕГІ КҮНДЕЛІКТІ ҒЫЛЫМИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ (Қ. Мұхамедхановтың 110 жылдығына орай).....	342

### ТАРИХ

<b>Абдрахманова Г.С., Каленова Т.С., Маслов Х.Б.</b> АЗАМАТ СОҒЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДА ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ Өңірлік басқарудың трансформациясы.....	354
<b>Атдаев С.Дж., Атдаева О.Г.</b> ОРАЗ-ЯҒЛЫ-ХАН ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰРПАҚТАРЫНЫҢ ТАРИХЫ.....	368
<b>Бекмағамбетов Р.К., Бимолданова А.А., Бекмағамбетова М.Ж.</b> ТОРҒАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ 1891 ЖЫЛҒЫ ДАЛА ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ӘКІМШІЛІК-АУМАҚТЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ: ИМПЕРИЯЛЫҚ САЯСАТ ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ ЕРЕКШЕЛІК.....	386
<b>Досымова М.К., Топал Н., Жылқышыбаева Қ.</b> КЕҢЕСТІК РЕСЕЙ ЖӘНЕ ТҮРКИЯ: ӘСКЕРИ КӨМЕК МӘСЕЛЕСІ (1919–1920).....	400
<b>Жаркынбаева Р.С., Жаңабай А.П.</b> СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ (1941–1945 ЖЖ.) ҚАЗАҚ КСР ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ТҮРМЫС-ТІРШІЛІК ЖАҒДАЙЫ, ЕҢБЕК АХУАЛЫ ЖӘНЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУІ.....	414
<b>Закарья Р., Сайтбеков А.М.</b> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ЭМИГРАНТТАР 1930–1940-ЖЫЛДАРЫ: КӨШІ-ҚОН ҮДЕРІСТЕРІ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ.....	432
<b>Қасымова Д.Б., Мұқанова Г.Қ., Марғұлан А.С.</b> ҚАЗАҚ-ЙОМУД ҚАҚТЫҒЫСЫН РЕТТЕУДІҢ КЕҢЕСТІК ТӘЖІРИБЕСІ, 1923 ЖЫЛ (МҰРАҒАТ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША).....	447
<b>Қозыбаева М.М.</b> 1920 ЖЫЛДАРДЫҢ БАСЫ – 1930 ЖЫЛДАРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЙЛАУ ЗАҢНАМАСЫНДАҒЫ САЙЛАУ ҚҰҚЫҒЫНАН АЙЫРУ ИНСТИТУТЫ.....	465
<b>Нұрымбетова Г.Р., Жанысбай Т.С.</b> КЕҢЕСТІК МОДЕРНИЗАЦИЯ ЖӘНЕ САУАТСЫЗДЫҚТЫ ЖОЮ: ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕРЕСЕКТЕРГЕ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ (1920–1930 ЖЖ.).....	481
<b>Сақтағанова З.Ғ., Илясова Ә.Ү.</b> 1941–1945 СОҒЫС ЖЫЛДАРЫ ҚАРАҒАНДЫ ЕҢБЕКПЕН ТҮЗЕТУ ЛАГЕРЫНЕН ҚАШУ МӘСЕЛЕСІ.....	502
<b>Сарыгүзел Н.</b> АТАТҮРІКТІҢ ІШКІ САПАРЛАРЫНЫҢ ТҮРКИЯНЫҢ САЛЫҚ САЯСАТЫНА ӘСЕРІ (1930–1931).....	519
<b>Тоқтарбайұлы А.</b> ХАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҰЖЫМДАСТЫРУ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ 1954–1959 (БАЯН-ӨЛГИЙ АЙМАҒЫ МЫСАЛЫНДА) НА ТРЕХ ЯЗЫҚАХ ПЕРЕВОД.....	530
<b>Уалиев Т.А., Сабитов Ж.М.</b> «ЕДІГЕ» ЖЫРЫНЫҢ 1920–1930-ЖЫЛДАРДАҒЫ КЕҢЕСТІК ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ: МАРКСИСТІК АЛҒЫСӨЗДЕР ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҰСТАНЫМДАРЫ.....	549
<b>Утегенов М., Бектасов Ш., Алиева С.И.</b> СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БАЙ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫН ТӘРКІЛЕУ (1928 ж.) ТАРИХЫНАН.....	565

### ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

<b>Шәрипов Р.К., Байғұнақов Д.С., Нұршанов А.А.</b> ШҮ–ІЛЕ ТАУЛАРЫНДАҒЫ ПЕТРОГЛИФТІК КЕШЕНДЕРІ: ТАБИҒИ ОРТАСЫ; ШИКІЗАТ КӨЗДЕРІ ЖӘНЕ ЖАСАЛУ ТЕХНИКАСЫ.....	584
<b>Шолахов М., Набиев Н.</b> ТҮРКІ-МОҢҒОЛ ХАЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ЖЫЛАН БЕЙНЕСІ.....	599

## СОДЕРЖАНИЕ

## ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ

<b>Байжуманова З.Б., Калыбекова М.Ч., Гафуров А.М. МЕДИЦИНСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В СССР: ПОДХОДЫ СОВРЕМЕННОЙ ИСТОРИОГРАФИИ (НА ПРИМЕРЕ КАЗАХСТАНА).....</b>	<b>300</b>
<b>Мухатова О. Х., Кадылбек М., Ташагыл А. КАЗАХСКО-ЦИНСКИЕ ОТНОШЕНИЯ В ПИСЬМАХ АБИЛПЕЙЗ СУЛТАНА.....</b>	<b>315</b>
<b>Ошан Ж., Хошбатени Х., Сауыркан Е. ИСТОРИКО-ДОКУМЕНТАЛЬНЫЕ ОТРАЖЕНИЯ В РУКОПИСНОМ НАСЛЕДИИ ОБ ЕР ЖАНИБЕКЕ.....</b>	<b>329</b>
<b>Тулепбергенов Г.М., Буканова Р.Г. НАУЧНАЯ ПОВСЕДНЕВНОСТЬ КАЮМА МУХАМЕДХАНОВА В КОНТЕКСТЕ ПОИСКА СВЕДЕНИЙ ОБ ИЛЬЯСЕ БОРАГАНСКОМ (К 110-летию К. Мухамедханова).....</b>	<b>342</b>

## ИСТОРИЯ

<b>Абдрахманова Г.С., Каленова Т.С., Маслов Х.Б. ТРАНСФОРМАЦИЯ РЕГИОНАЛЬНОГО УПРАВЛЕНИЯ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА В УСЛОВИЯХ ГРАЖДАНСКОЙ ВОЙНЫ.....</b>	<b>354</b>
<b>Атдаев С.Дж., Атдаева О.Г. ИСТОРИЯ ОРАЗ-ЯГЛЫ-ХАНА И ЕГО ПОТОМКОВ.....</b>	<b>368</b>
<b>Бекмагамбетов Р.К., Бимолданова А.А., Бекмагамбетова М.Ж. АДМИНИСТРАТИВНО-ТЕРРИТОРИАЛЬНОЕ УСТРОЙСТВО ТУРГАЙСКОЙ ОБЛАСТИ В КОНТЕКСТЕ СТЕПНОГО ПОЛОЖЕНИЯ 1891 ГОДА: ИМПЕРСКАЯ ПОЛИТИКА И РЕГИОНАЛЬНАЯ СПЕЦИФИКА.....</b>	<b>386</b>
<b>Досымова М.К., Топал Н., Жылкышыбаева К. СОВЕТСКАЯ РОССИЯ И ТУРЦИЯ: ВОПРОС ВОЕННОЙ ПОМОЩИ (1919–1920).....</b>	<b>400</b>
<b>Жаркынбаева Р.С., Жанабай А.П. УСЛОВИЯ ЖИЗНИ И ТРУДА И МЕДИЦИНСКОЕ ОБСЛУЖИВАНИЕ РАБОЧИХ КАЗАХСКОЙ ССР В ВОЕННЫЕ ГОДЫ (1941–1945 ГГ.).....</b>	<b>414</b>
<b>Закарья Р., Сайтбеков А.М. ПОЛИТИЧЕСКИЕ ЭМИГРАНТЫ В КАЗАХСТАНЕ В 1930–1940-Е ГОДЫ: МИГРАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ И СОЦИАЛЬНО-ПРАВОВОЕ ПОЛОЖЕНИЕ.....</b>	<b>432</b>
<b>Касымова Д.Б., Муканова Г.К., Маргулан А.С. СОВЕТСКИЙ ОПЫТ УРЕГУЛИРОВАНИЯ КАЗАХСКО-ЙОМУДСКОГО КОНФЛИКТА 1923 ГОДА (ПО АРХИВНЫМ МАТЕРИАЛАМ).....</b>	<b>447</b>
<b>Козыбаева М.М. ИНСТИТУТ ЛИШЕНИЯ ИЗБИРАТЕЛЬНЫХ ПРАВ В ВЫБОРНОМ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВЕ КАЗАХСТАНА В НАЧАЛЕ 1920-Х – ПЕРВОЙ ПОЛОВИНЕ 1930-Х ГОДОВ.....</b>	<b>465</b>
<b>Нурымбетова Г.Р., Жанысбай Т.С. СОВЕТСКАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ И ЛИКВИДАЦИЯ НЕГРАМОТНОСТИ: СТАНОВЛЕНИЕ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ ВЗРОСЛЫХ В КАЗАХСТАНЕ (1920–1930 ГГ.).....</b>	<b>481</b>
<b>Сактаганова З.Г., Илясова А.У. К ВОПРОСУ О ПОБЕГАХ ИЗ КАРАГАНДИНСКОГО ИСПРАВИТЕЛЬНО-ТРУДОВОГО ЛАГЕРЯ В ГОДЫ ВОЙНЫ (1941–1945).....</b>	<b>502</b>
<b>Сарыгузель Н. ВЛИЯНИЕ ВНУТРЕННИХ ПУТЕШЕСТВИЙ АТАТЮРКА НА НАЛОГОВУЮ ПОЛИТИКУ ТУРЦИИ (1930–1931).....</b>	<b>519</b>
<b>Токтарбайулы А. ПОЛИТИКА КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ НАРОДНОГО ХОЗЯЙСТВА И ЕЁ РЕЗУЛЬТАТЫ (1954–1959 ГГ., (НА ПРИМЕРЕ БАЯН-УЛГИЙ АЙМАКА).....</b>	<b>530</b>
<b>Уалиев Т.А., Сабитов Ж.М. СОВЕТСКАЯ ИНТЕРПРЕТАЦИЯ ЭПОСА «ЕДИГЕ» В 1920–1930-Е ГОДЫ: МАРКСИСТСКИЕ ПРЕДИСЛОВИЯ И ПОДХОДЫ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ.....</b>	<b>549</b>
<b>Утегенов М., Бектасов Ш., Алиева С.И. ИЗ ИСТОРИИ КОНФИСКАЦИИ БАЙСКИХ ХОЗЯЙСТВ В СЕВЕРНОМ КАЗАХСТАНЕ (1928 г.).....</b>	<b>565</b>

## ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

<b>Шарипов Р.К., Байгунаков Д.С., Нуршанов А.А. ПЕТРОГЛИФИЧЕСКИЕ КОМПЛЕКСЫ В ЧУ–ИЛИЙСКИХ ГОРАХ: ПРИРОДНАЯ СРЕДА, ИСТОЧНИКИ СЫРЬЯ И ТЕХНИКА ИЗГОТОВЛЕНИЯ.....</b>	<b>584</b>
<b>Шолахов М., Набиев Н. ОБРАЗ ЗМЕИ У ТЮРКО-МОНГОЛЬСКИХ НАРОДОВ.....</b>	<b>599</b>

**ASIAN JOURNAL “STEPPE PANORAMA”**

2026. 13(2)

*Бас редактор:*  
Қабылдинов З.Е.

*Компьютерде беттеген:*  
Зикирбаева В.С.

*Құрылтайшысы және баспагері:*

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті  
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй  
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЖЭИ басылған:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй